



1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін патша өкіметі құлаған соң, қазақтың Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары енді қазақтың

өз тізгінін өзі ұстайтын ел болу мүмкіндігі туғанын ұғынып, нақты бағдарламасы бар ұлттық партия құру, милиция, әскер жасақтау, ақырында ұлттық мемлекет құру армандарын іс жүзіне асыруға кірісті. Ә.Бөкейханның ғұлама ғалымдық тұлға, мемлекет қайраткері ретінде Қазақстанның жерүсті және жерасты байлықтары әр қазаққа тиесілі деп жазған ғылыми ақпараттары қазіргі биология, агрономия, зоология

партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған екінші жалпықазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – кеңестік билікке қатынас жөнінде баяндаманы Ә.Бөкейхан жасады. Съезде қазақ болыстарын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт кеңесі» құрылып, оны «Алашорда» деп атауға шешім қабылданып, бұл үкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Бөкейхан сайланады. Алашордалықтар өздері кеңес үкіметінің саясатына қарсы бола тұра, Ленинмен кездесіп, 1919-1920 жылдары қазақ шекарасын қалыптастыруға көп еңбек сіңірді. Бұл мәселе айтуға оңай болғанмен, шешімі қиын күрделі іс еді. Қазақ халқы петицияда

Ғұлама ғалым, ұлт қамқоршысы

ғылымдарына қосқан үлесі, тұңғыш зерттеулері болып саналады.

Әлихан – қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым – «Алаш» партиясын ұйымдастырды. Қазақтың тәуелсіз ел болуын көздеген «Алашорда» партиясы тоталитарлық жүйенің қысым жасауымен қағаз жүзінде жойылғанымен, идеясы сақталып, 1960 жылдарға дейін «Алашорда» шығармаларын ұлтшыл жазушыларымыз жариялап келген.

Қазақ халқының өзінің құқықтарын қорғау үшін жазылған әйгілі «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырушылар қатарында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсын, Ж.Ақбаев, Т.Нүрекенов, М.Дулатов болды. 1902-1907 жылдары патша үкіметінің атына жазылған талап-арыздар ішінде «Қарқаралы петициясының» маңызы ерекше. Бұл петиция қазақ халқының саяси сана-сезімінің күшейгенін көрсетті. Патша үкіметі петицияның талаптарын орындауға құлық таныта қойған жоқ. Дегенмен қазақтар арасынан Ресейдің 1906 жылғы бірінші, 1907 жылғы екінші Мемлекеттік Думаларына депутаттар сайланды. Әлихан Бөкейхан бірінші Думаға Семей өлкесінен депутат болып сайланады. Зиялы қауым Дума мінбесінен қазақ өлкесіндегі жағдайларды мәлім етті.

Сол секілді 1916 жылғы қарулы көтеріліске Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары «Қазақ» газеті арқылы үзілді-кесілді қарсы шыға отырып, ұлтты жаппай қырғыннан аман алып қалудың саяси бейбіт жолын ұсынды. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысымен Ақпан революциясынан кейінгі дүрбелеңде қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым-Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясы құрылып, бұл съезде 14 мәселе қаралды. 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш

қазақ балалары білім алатын барша бастауыш мектептерге ана тілі мен жазуын енгізуді, қазақ тілінде газет шығарып, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді талап етті.

Әлихан Бөкейхан кейінірек сырттан таңылған жат заңдармен емес, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшеліктеріне сай келетін жосын-жоралғылар бойынша үкім шығаратын қазақтың байырғы билер сотын қалпына келтіруді ұсынды. Бұл ретте мысал ретінде Англиядағы сот билігін алға тартты. Ол үшін билер мен билердің сот билігін өкімшілік билікке тәуелсіз ету қажет деп санады.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған соң Әлихан бастаған Алаш зиялылары ресми биліктің барлық тетігінен аластатылуына қарамастан, 1930 жылдарға дейін дерлік оқу-ағарту, жоғары білім беру, ғылым және өнер саласында өз қолтаңбаларын қалдыра білді. Осындай қысқа уақыттың ішінде Әлихан өз үзенгілестерімен қазіргі қазақ мәдениетінің, орта және жоғары білім беру саласының, сондай-ақ ғылымның тарих, философия, этнография, әдебиеттану сынды қоғамдық, гуманитарлық және астрономия, физика, математика, жаратылыстану, т.б. салаларының негізін қалап үлгерді.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған сөттен (1919 жылдың күзі) Ә.Бөкейхан Қарқаралы қаласында мәслихат жасап, қазақ жастарын партия қатарына кіруге үгіттеді. Себебі, ол жастарға «Алашорда» үкіметінің идеясын жалғастырады деп сенген еді.

Асыл текті Әлихан Бөкейхан патша өкіметінің теріс саясатын түсініп, халық қамын ойлап, елге дұрыс бағыт берген халық қамқоршысы. Талай қиын белестерді бастан өткерсе де Алаш ардақтыларының еңбектері еш кеткен жоқ. Олар ақталды, ұлт көсемдері ретінде тарихта есімдері мәңгі қалды.

М.Жакешов,

Ақтоғай аудандық сотының төрағасы